

# ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдебиеттанымдық журнал

№ 5 (30)

Мамыр 2014



Болат  
БАЙҚАДАМОВ:  
«ІСКЕРЛІГІ  
ТАЛАЙҒА ҮЛГІ»

10-БЕТ

Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ:  
«ОЙ БИГІНДЕГІ  
АЗАМАТ»

16-БЕТ

Бақытқожа РҮСТЕМОВ –

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ПУБЛИЦИСТИКАНЫҢ КЛАССИГІ





**Болат БАЙҚАДАМОВ,**  
Философия ғылымдарының кандидаты,  
доцент, «Бірлік» партиясының Астана  
қаласындағы төрағасы

# ІСКЕРЛІГІ ТАЛАЙҒА ҮЛГІ

**Т** Бақытқожа Төлегенұлымен Астана қаласында Президенттік аппараттың Ішкі саясат бөлімінде қызмет жасап жүрген кезінен танысып. Қызметке келгеннен бастап тиянақты іскерлігімен, еңбекқорлығымен, табандылығымен, қарапайымдылығымен ерекше көзге түсті. Қарапайымдылық өте жақсы қасиет, ал, осындай қасиетті бойына сіңіру одан да жақсы дүние. Бақыт ұжымға келгенде берілген бірінші тапсырманы біз күтпеген нәтижеде орындап шығып, өзінің іскер екендігін дәлелдеп берді. Әрбір берілген тапсырманы шын жүрегімен, ынты-шынтысымен, жаны ауырып ойланып орындайтындығымен бастықтардың сеніміне кірді. Өзіндік көзқарасын бастықтармен бөлісіп, оң шешімін табуға тырысатын. Мысал ретінде айтсам, сол жұмыстардың үлкен бөлігі «Қазақстан 2030» стратегиялық бағдарламасында көрінді. Бағдарламаның халыққа тиімді тұстарын ерекше атап, жобаны халыққа кеңінен түсінікті деңгейде жеткізіп, халықпен ой бөлісіп, құжаттың қазығының мықты болып қағылуына өзіндік зор үлесін қосты. Халықтың пікірінен туған салиқалы, кемел ойларын қосып, оны жоғарыдағыларға дәлелдеп шығып, Бақыттың еңбегі еленді. Мен мысалға келтірген жоба біздің болашағымыздың жарқындығының үлкен белгісі болатын. Бақыт үшін жұмыстың үлкен кішісі жоқ. Жұмыстың барлығы еңбектенуді талап ететін болса, ол адал

еңбегінің жемісін көріп келеді. Не жасасам да, тек халқым үшін деген сөзі маған қатты ұнайтын.

Шыны керек алғашында оның журналистік, жазушылық қырының бар екенін білмедік. Алайда халыққа етене жақын екенін әрбір істе бір мысал таба білуінен, қалай жасағанда халыққа тиімді тұстарының көп болатынын көре білуінен бірте-бірте аңғара бастадық. Уақыт өте келе кітаптарымен, мақалаларымен таныстырып, таңғалдыра түсті. Осы тұстан, мақтануды жаны сүймейтіндігін байқауымызға болады. Бөлімде әр қызметкердің өзіне артылған жауапкершілік міндеттер бар. Бірақ, өзге әріптестерінің де биікке шығып, жұмыстарының нәтижелі болуы үшін ол өзіндік ойларын айтып, өзіндік үлесін қосты. Шығармашылық адамы саяси ортада өзін даралап көрсетіп, оны өзгелерге ақырын ғана байқата білетін болса, Бақыт та осы қасиетті өз ортасына көрсете білді.

Бақыт Төлегенұлының біздің бөлімге келуі, ұжымға шуақ шашып, жансыздарға жан бітіріп, тек саяси тұрғыдан емес философиялық тұрғыдан да ой тастап жандандырды.

Ойлау жүйесі мықты, саясаткер, бөлім басшысы Ермұхаммед Ертісбаев та шығармашылыққа жақын жанның қатарынан болғандықтан шығар, қарамағындағы Бақыт екеуінің рухтары үндесіп, бір-бірін қазақы рухани тұрғыдан қолдайтын қолдаушы болды. Қазақ жазушыларының шоқтығы биік бір бөлшегі Төлен Әбдіков ағамыз.

Бұл аталған үш тұлға, Президенттік аппаратың Ішкі саясат бөлімінің жүрегі болды десем қателеспесім анық. Неге десеңіздер, үш жүрек өз ұжымында үш аныққа айналды. Әрине, шығармашылыққа бейімділіктерінің арқасында. Сол жылдарды еңбек жолымыздың ең жемісті жылдары еді деп, ерекше еске алып отырамын.

2000-2002 жылдағы Е.Ертісбаевтың бөліміне қандай құжат келіп түссе де Бақыттың пікірі тыңдалмай, қолынан бір сарапталмай кетпейтін. Бұл оның нағыз іскерлігін дәлелдейді.

Сонымен қатар, ол әріптестерімен тек қызметте ғана бірге жүрмей, өмірде де достық қатынас орнатып жүретін. Егер, Бақыт уәде берсе, оны орындалды деп есептей беруге болады. Сөзіне берік, адал қызметтес, тұрақты, шынайы дос, жауапкершілігі мол қазақтың ұлы. Қазақ ортасын, әдебиетін, мәдениетін, салт-дәстүрін жетік білмеген шала қазақтың немесе өзге ұлт өкілдерінің рухани қолдаушысы. Қазақы қасиеттің мәні мен тереңдігін түсіндіріп, танытқан азаматтардың қатарында Ермұхаммед Ертісбаев екеуіміз де болдық. Бұл біздің қазақы болмысымыздан айырылғандығымызды емес, керісінше одан әрі жетілдіруімізді, тереңінен біле түсуімізді меңзейді. Ол кейінгі кездері тіпті жігерленіп, шығармашылыққа бар болмысымен еніп келеді. Кезіндегі ұяндығы өзіне әр беріп тұратын әріптесіміз, бүгінде батыл, өр намысты жазушыға айналды. Қарапайымдылық пен ұяндық қасиеті саликалы ойлар мен тындырымды істердің нәтижесін көрсетті. Бірде Төлен Әбдік Бақыт Рүстемовтің қарапайымдылығына мынадай баға берген «Қарапайымдылық қасиет қазақтың мінезінің үлкен бөлшегі. Ал, Бақыт Рүстемов таза қазақ. Жан-тәнімен қазақы болмысты азамат».

Төлен Әбдік ағамыздың Бақыттың қазақылық болмысына берген бағасына мен жомарттығын қосар едім. Өз бауырларына ғана емес, айналасындағыларға, ортасына, ең бастысы жастарға

әлеуметтік, рухани тұрғыдан қол ұшын соза білуге даналығы жететін.

Біздің ортаға келмес бұрын ол бірнеше қызметте болып, қоғамның ірі тұлғаларымен қызметтес, істес болды. Алайда, басына қандай іс түссе де, қандай әділетсіздікке тап болса да, достарын, қызметтестерін өз пайдасына пайдаланған емес. Керісінше, өзін жаңа қырынан танытуға тырысатын. Сол қырының бірі қазақ халықтар достығына сіңіріп жүрген ерен еңбектері. Шетелдіктердің Қазақстан мемлекеті жөніндегі қызығушылықтарын оятып, қызығушылықтан туған сауалдарына жауап қатып, қазақтардың өзге мемлекет жөніндегі сұрақтарына үн қатардай деңгейде қалам тербеп, кітап жазып жүрген, жазу мәнері де ерекше жазушы. Қалай ерекшеленеді десеңіздер, өзгелер бір орында, бір бөлмеде отырып кітап жазатын болса, Бақыт аралап жүріп, қоғамдық деңгейде жазады. Өзге мемлекеттерден алған ақпараттарын әдеби тұрғыдан жеткізіп үш тілде, одан қалды араб әліпбиінде еркін жазуымен ерекшеленеді.

Қазақстандағы елшіліктердің қай-қайсысы болмасын өздерінің мәдени шараларына, мерекелік мерейтойларына, мазмұны терең шығармашылық кештеріне, жиналыс, конференцияларына Бақыт Рүстемовтің қатысқанын өздеріне мәртебе санайды. Атап айтар болсақ, Куба, Араб, Қытай, Вьетнам, Қатар сынды алпауыт елдер. Ал, Қазақ жұрты осы еңбектің қанша пайызын елеп-ескеріп жатыр деген сауал туа қалса, үнсіз қаларымыз сөзсіз. Алда келе жатқан мерейтойында осы аталған еңбектері еленсе деймін. Ұлтымызға осындай шығармашыл тұлғаның керек екенін Бақытқа сезіндірейік. Өзге мемлекеттің елшіліктері мерейтойда еңбегін бағалап жағқанда, біздің қазақ жұрты тек мақтанып қана қойса, біз үшін ұятты дүние. Қолда барда алтынның қадірін білген абзал. Бақыттай ұлымызды құрметтеп, қадіріне жете білейік.



Астана, наурыз айы, 2014 жыл